

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 73 Жарлығы "Президент пен Үкіметтің актілер жинағында" және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне бөліну жолымен; U041449

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі оның туризмді дамыту жөніндегі функциялары жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне беріле отырып, қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитетін таратсын;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы абзац алып тасталсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі";

мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі".

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК